

**Қостанай облысы Жітіқара ауданы Шевченковка ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 234 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 маусымда № 4804 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2020 жылғы 27 ақпандағы № 385 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 27.02.2020 № 385 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Жітіқара ауданы Шевченковка ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Жітіқара ауданы Шевченковка ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия

төрайымы

Н. Коваленко

Жітіқара аудандық

мәслихатының хатшысы

М. Кененбаева

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы Жітіқара

ауданы Шевченковка

ауылының әкімі

\_\_\_\_\_ Д. Тунжуманов

## **Қостанай облысы Жітіқара ауданы Шевченковка ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Жітіқара ауданы Шевченковка ауылының (бұдан әрі - Шевченковка ауылы) бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Шевченковка ауылы тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Шевченковка ауылының аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу  
тәртібі

3. Бөлек жиынды Шевченковка ауылының әкімімен шақырылады.

Жітіқара ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиының откізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Шевченковка ауылының шегінде бөлек жиынды өткізуді Шевченковка ауылының әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Шевченковка ауылының тұрғындары қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Шевченковка ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Шевченковка ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Шевченковка ауылының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жітіқара аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Шевченковка ауылының өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Шевченковка ауылы әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың  
2014 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 234 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Жітіқара ауданы  
Шевченковка ауылының жергілікті  
қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл  
тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Шевченковка ауылы көшелерінің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
1	Набережная көшесі	6
2	Абая көшесі	3
3	Джамбул көшесі	3
4	1 Мая көшесі	2
5	Шевченко көшесі	4
6	Советская көшесі	3
7	Ворошилов, Молодежная көшесі	3
8	Школьная көшесі	3
9	Симаков көшесі	2
	Барлығы	29